

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



МАМАНДЫҚТЫҢ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН
ДАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2017жыл

1.ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Элективті пәндер (модульдер) каталогын дайындаудың жұмыс нұсқауы «Болашақ» университетінің мамандық дайындайтын кафедралар элективті пәндер (модульдер) каталогын әзірлегенде қолданады.

2.СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Жұмыс нұсқауын даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылады;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2016.05.13. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. (ҚР БҒМ 28.01.2016ж. №90 бұйрығымен берілген өзгерістер мен толықтырулар).

3.ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Осы процедурада келесі терминдер мен қысқартулар қолданылған:

БУ – «Болашақ» университеті

ЖН – Жұмыс нұсқау

УС – Университет стандарты

ЭПК - Элективті пәндер (модульдер) каталогы.

4.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Типтік оқу жоспарын толықтыру ретінде мамандық шығарушы кафедралар ағымдағы оқу жылына қабылданғандар үшін элективті пәндер (модульдер) каталогын дайындайды. (Үлгі).

Элективті пәндер (модульдер) каталогы (ЭПК) – зерттеу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдер) және зерттеуден күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасы берілетін таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің аннотацияланған тізбесі.

ЭПК студенттерге элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамсыз етуі тиіс.

Студенттердің элективті пәндерді (модульдерді) ретсіз таңдауының алдын алу және жоғары оқу орны әзірлеген білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында студенттердің таңдауына ЭПК шеңберінде бірнеше білім траекториясын – еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұранысын есепке ала отырып, жоғары білім мамандығы бойынша қызметтің нақты бір саласына бағытталған білім беру бағдарламасын меңгеруге мүмкіндік беретін элективті пәндер (модульдер) тізбесін және оларды меңгеру ретін ұсынуға болады.

ЭПК түзуде қазіргі қоғам сұранысы мен қазіргі бітіруші түлектерге байланысты талаптар мен ұсыныстар есепке алынады. Сондықтан да каталогта студенттің өзіндік дамуына бағытталған, тұлғаның өздігінен білім алуға мүмкіндік беретін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыратын, оқу үдерісінде жаңа білім беру технологияларын меңгерту салалары қарастырылады.

ЭПК студенттерге элективті және балама пәндер арқылы таңдау мүмкіндігін береді және бітірушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау мен жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде жаңартылып отырады.

4.1. ЭПК ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

4.1.1. Элективті пәндер (модульдер) каталогын дайындау келесі тәртіппен жүзеге асады:

- Жұмыс берушілер мен мамандық шығарушы кафедраның жетекші мамандары бірлесе отырып жаңа оқу жылына таңдау пәндерін ұсынады (таңдау бойынша пәндер 50% жұмыс берушілердің талаптары, 25% профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстары және 25% білім алушының жеке қызығушылығы есепке алынады).

- Әр кафедра таңдау пәндерінің тізімі мен ұсынылған пәндердің қысқаша мазмұнын, мақсаттарын, пререквизит пен постреквизиттерін, қалыптасатын құзіреттіліктерін ұсынады.

- Оқу жоспарын әзірленуші мамандық шығарушы кафедра мамандық бойынша ұсынылған барлық пәндерді зерттеп, элективті пәндер (модульдер) каталогына қажетті пәндерді енгізеді.

4.1.2. ЭПК мамандық шығаратын кафедра дайындайды.

4.1.3. Шығарушы кафедра жұмыс берушілерден ЭПК-на пікір (рецензия) жазбаша түрінде алады.

4.1.4. ЭПК кафедра мәжілісінде талқыланады, факультет кеңесінде қаралады, университет оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, іс-тәжірибе базалар басшыларымен және жұмыс берушілермен келісіледі, университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі.

4.1.5. Элективті пәндер (модульдер) каталогы мамандық шығарушы кафедра «Мамандықтың оқу-әдістемелік кешенінде» сақталады.

4.1.6. Құрылымдарға ЭПК-нің көшірмесі беріледі.

4.2 ЭПК ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

4.2.1. ЭПК жойылғанша немесе жаңасымен алмастырылғанша күшін сақтайды.

4.2.2. Оқу-әдістемелік басқарма элективті пәндер (модульдер) каталогын түзетуге құқылы.

4.2.3. ЭПК өзгерістер Ғылыми кеңес, оқу-әдістемелік кеңес шешімдерімен енгізіледі.

4.2.4. ЭПК енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сақталады және оқу-әдістемелік басқарма әдіскері арқылы құрылым бөлімдеріндегі экземплярға енгізіледі.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дайындалған элективті пәндер (модульдер) каталогының мазмұнына және талаптардың орындалуына кафедра меңгерушісі жауапты.

**Оқу ісі және ғылыми жұмыстар жөніндегі
проректор, п.ғ.к.**

Н.Ж. Ибрагимова

Оқу-әдістемелік басқарма басшысы, п.ғ.м.

А.К. Мырзанова

ҮЛГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

КӘСПКЕРЛІК БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ



ИНФОРМАТИКА, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ДИЗАЙН КАФЕДРАСЫНЫҢ

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

ҚЫЗЫЛОРДА, 2017

ҮЛГІ ЖАЛҒАСЫ

АЛҒЫСӨЗ

Элективті пәндер каталогы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде дайындалды.

Элективті пәндер каталогы студенттердің кредиттік технология бойынша білім алу траекториясын қалыптастыруға арналған.

Элективті пәндер каталогында мамандықтардың кәсіби білім беру бағдарламалары, МЖМББС элективті (таңдау) пәндері: жалпы білім беру пәндері (ЖБП), базалық пәндер (БП) және кәсіптендіру пәндері (КП) циклдары бойынша деректер берілген. Сонымен қатар пәндердің атаулары, олардың оқу мақсаттары, қысқаша мазмұны және құзіреттілігі, пререквизиттері мен постреквизиттері, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

Элективті пәндердің каталогы «Болашақ» университетінің Ғылыми Кеңесінде (хаттама № __, _____ жыл) мақұлданған.

ҮЛГІ ЖАЛҒАСЫ

Элективті пәндердің каталогы таңдау компоненттерінің құрамына енген пәндердің тізімі болып табылады және ол студенттердің оқу траекториясын икемді және жан-жақты анықтауға қажетті жағдайлар жасау үшін қажет. Элективті пәндердің каталогы барлық мамандықтар үшін жасалған және олардың барлық мамандану салаларын қамтиды. Элективті пәндер каталогында мамандықтар пәндері бағдарламасының қысқаша мазмұны баяндалған.

Пікір білдіруші: М.Жомартқызы – «Кәсіпкерлік білім беру» факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты

«Болашақ» университеті Ғылыми Кеңесі тарапынан баспадан шығаруға ұсынылған хаттама (№ __, _____ жыл)

© «Болашақ» университеті, 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1.Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша пәндерге жазылу тәртібі	7
2. Глоссарий.....	10

ҮЛГІ ЖАЛҒАСЫ

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында атап өтілгеніндей, ұлттың білімділік деңгейін көтеру мақсаты оның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы ретінде қарастырылып отыр. Сондықтан да, бұл құжатта заманауи талаптар мен әлемдік стандарттарға сәйкес келетін білім берудің ұлттық жүйесін жасаудың басты мәселесі қойылып отыр.

XXI-ғасырдың басты міндеті, миллиондаған, миллиарттаған адамдардың ұмтылысы өмір сүру сапасын арттыруға, соның ішінде, жеке азаматтың өсу-өркендеу шарттарын анықтайтын, білімнің сапасын арттыруға бағытталған. Сол үшін де білім беру мен ғылым жүйесін қайта құру мен жетілдіру мәселесі жахандану кезіндегі көптеген проблемаларды шешудің шешуші факторы болып табылады.

Білім беру әлемдегі көптеген мемлекеттердің негізгі басымдықтарының қатарына еніп отыр. Олардың көпшілігі бүгінгі таңда жахандық бәсекелестік жағдайларындағы талаптарға жауап беретін жоғары білім беру жүйесін жасақтау жолындағы күрделі өзгерістерге кірісіп те кетті. Бұл жағдайда басты мақсат болып есептелетін – ЖОО мен мамандарды дайындау бағдарламаларының бейімделу потенциалын арттыруға–академиялық және ұйымдық құрылымдарды қайта құру, инфрақұрылымдарды , білім беру әдістері мен технологияларын жаңарту, педагогикалық үрдісті жетілдіру және оқытушылар құрамының сапасын жақсарту арқылы қол жеткізу жоспарланып отыр.

Экономика мен азаматтық институттардың дамуындағы артта қалу қаупі әсіресе, үздіксіз білім берудің тиімді үлгісі жасалынбаған мемлекеттер үшін аса маңызды екендігі белгілі. Жоғарғы деңгейлі білімге, сервистік-технологиялық бағыттағы экономикаға негізделген ашық, азаматтық қоғам құру жолын мақсат етіп алған біздің мемлекетіміз, ең алдымен білім беру жүйесін жетілдіруге көп көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасы тарапынан Лиссабон Конвенциясына қол қою, оны Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауы, Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Қаулысы біздің мемлекетімізді автоматты түрде «Европейская конвенция об эквивалентности дипломов, ведущих к доступу в университеты (1953 ж.)», «Европейская конвенция об академическом признании университетских квалификаций (1959 г.)», «Европейская конвенция об общей эквивалентности периодов университетского образования (1990 г.)» сияқты көптеген халықаралық жобалардың және бағдарламалардың және келісімдердің толық мүшесі екендігін көрсетеді.

1999 жылы Болонье қаласында 29 мемлекеттің өкілдері біртұтас білім беру кеңістігін құру процесінде өздерінің қатынасатындықтары туралы Декларацияға қолдарын қойды. Декларацияға сәйкес Европада жоғары білім берудің бірыңғай құрылымы жасалуы, барлық еуропалық мемлекеттердегі курстарды академиялық және кәсіптік тануға мүмкіндік беретін, ғылыми дәрежелердің сәйкестендіру жүйесі қабылдануы тиіс. Бүгінгі таңда Болон Декларациясына 40-тан астам мемлекеттер қосылып отыр. Болон Декларациясына қол қойып оған қосылып отырған мемлекеттер жоғары білім берудің екі сатылы жүйесіне өтуі тиіс. Бірінші деңгейдің оқу мерзімі 3-4 жыл. Ол аяқталғаннан соң бітірушіге, белгілі бір салаларда жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, бакалавр дәрежесі беріледі. Екінші деңгейдің бағдарламаларын оқып-үйрену барысында магистр (1-2 жыл) немесе доктор (3-4 жыл) дәрежесін алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі мерзімге арналған Концепциясы бүкіл білім беру жүйесін қайта жаңғырту процесінің негізгі құжаттарының бірі болып табылады және осы заманғы басым бағыттарды ескереді. Қазақстанның білім беру жүйесінің еуразиялық мәдениет пен еуразиялық ынтымақтастық жағдайында қалыптастырылып отырғандығы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында аса анық түрде атап өтілген.

Білім берудің кредиттік жүйесін енгізу Қазақстан Республикасының білім беру саласының деңгейлерін, сатыларын және академиялық дәрежелерін нақты әрі әділ салыстыруға мүмкіндік береді және оларды ашық, танитын және есепке алынатын ете алады. Ал бұл өз кезегінде әлемдік білім беру кеңістігіне енудің негізгі шарттарының бірі болып есептеледі.

ҮЛГІ ЖАЛҒАСЫ

КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІ БАРЫСЫНДА ПӘНДЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ТӘРТІБІ

Элективті пәндердің каталогы оқытудың кредиттік жүйесі барысында мамандықтың оқу-әдістемелік кешені элементтерінің міндетті бөлімдерінің бірі болып табылады және ол ЖОО-ның Ғылыми Кеңесі тарапынан бекітіледі.

Мамандықтардың элективті пәндерінің каталогы оқу жоспарларының таңдау бөлімінің құрамына енетін пәндердің тізімі болып табылады және ол студенттің оқу траекториясын анықтауға қажетті жан-жақты жағдайлар жасау мақсатында жасалады.

Элективті пәндердің каталогы университеттің барлық мамандықтары үшін жасалады және ол мамандықтардың барлық мамандандыруларын, дайындау бағыттары мен білім берудің барлық түрлерін қамтиды. Элективті пәндердің каталогында мамандықтың пәндерінің бағдарламаларының қысқаша мазмұны беріледі.

Студенттер элективті пәндердің каталогын мамандықтардың эдвайзерлері мен университет администраторларының көмегімен, жеке оқу жоспарын жасау барысында өздерінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін, өсу мүмкіндіктерін, қоғам мен өндірістің қажеттіліктерін ескере отырып пайдаланады. Студенттің жеке оқу жоспарындағы белгіленген пәндерді оқып-үйренудің бейімділігі мен икемділігі пререквизиттер мен постреквизиттер көмегімен түзету арқылы қамтамасыз етіледі.

Элективті пәндердің каталогында барлық оқу циклдары (ЖББ, БП және КП), олардың кодтау туралы бірыңғай тәртібін сақтай отырып көрсетіледі.

Студенттің жеке оқу жоспары әрбір білім алушының оқу траекториясын анықтайды. Студенттің жеке оқу жоспары студенттердің оқу пәндеріне Тіркеушілер кеңсесінде белгіленген тәртіп негізінде алдын-ала жазылуы нәтижесінде оқудың барлық кезеңіне қалыптастырылады және әрбір оқу жылы үшін студент тарапынан эдвайзердің көмегімен түзетіліп отырады.

Студенттің жеке оқу жоспары факультет деканы тарапынан бекітіледі және ол үш дана етіп жасалады: бір данасы факультетке, оқытушылардың оқу жұмысының көлемін анықтау мен студенттер тарапынан оқу жоспарының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз ету үшін сақталады, екіншісі – Тіркеушінің кеңсесіне, қорытынды бақылау мен аттестацияны ұйымдастыру үшін, ал үшіншісі – студентке беріледі.

Студенттер оқу пәндерін таңдау мен пәндерге жазылуды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20-сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту жүйесі Ережелеріне сәйкес жүргізеді.

Студенттердің пәндерге жазылу процесін тіркеушілер кеңсесі декандар мен эдвайзерлерді қатыстыра отырып жүргізеді.

Студенттер өздерінің жеке оқу жоспарларын қалыптастыру барысында жылына кем дегенде міндетті компонент пәндерін қоса есептегенде және оқытудың оқу жоспарында қарастырылған тиісті логикалық траекториясын сақтай отырып, 30 кредит жинауы керек.

Деканаттар мен кафедралар ағымдағы оқу жылының 15 наурызына дейін мамандықтардың және пәндердің презентациясын, факультет деканы бекіткен кестесіне сәйкес ұйымдастыруы қажет.

Жалпы пәндерге жазылу барысы 2 кезеңнен тұрады. 1-кезеңде студенттер эдвайзерлер көмегімен келесі оқу жылында оқытылатын пәндердің тізімін жасайды. 2-кезеңде, сабақ кестесі бекітілгеннен соң, өздерінің жеке оқу жоспарларына, өздерінің бос уақыттары мен оқытушыларға байланысты, тиісті түзетулер енгізеді.

1 курс студенттері өздерінің жеке оқу жоспарларын ағымдағы жылдың 27 тамызына дейін құрастырады. Әдетте, 1-курс студенттерінің оқу жоспарларына тек қана міндетті пәндер топтамасы ғана енгізіледі.

Оқу жылының барысында оқу жоспарларына өзгерістер енгізуге болмайды.

Студенттер келесі оқу жылына арналған жеке оқу жоспарларын арнайы кесте бойынша 25 сәуірге дейін жасақтайды.

Студенттердің оқу жылына арналған пәндерге жазылуын ұйымдастыру жауапкершілігі эдвайзерлерге жүктеледі. Эдвайзерлер институт администраторы алдында пәндерге жазылу барысы туралы есеп береді.

Өткен оқу жылына академиялық қарыздары бар студенттер емтихан сессиясы аяқталғаннан соң, 1 шілдеге дейін өздерінің оқу жоспарларына түзетулер енгізеді.

Әрбір пән бойынша студенттердің топтардағы ең аз саны белгіленеді, ал оқытушылар үшін академиялық ағындағы немесе топтағы студенттердің ең көп саны белгіленеді.

Ағымдағы жылдың 10 маусымына дейін 2,3,4 курс студенттері белгілі бір пәнге белгіленген саннан аз студенттер жазылса, онда пән ашылмайды және ол пән кафедраның оқу жүктемесіне енгізілмейді. Бұл туралы Тіркеушілер кеңсесі тиісті хабарламаны институттар жанындағы жарнама тақтасына және/ немесе университеттің білім беру порталына / сайтына / іледі.

Студенттер жекелеген пәндерді басқа оқу орындарында оқи алады, ол пәндер тізімі университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Студенттерді пәндерге жазу процесі келесі кезеңдерден тұрады:

- мамандықтардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларымен таныстыру, эдвайзерлерді таңдау;
- таңдау пәндерінің, кафедралар тарапынан өткізілетін, таныстырылымына қатысу;
- эдвайзерлермен кездесу және жеке оқу жоспарын, таңдау пәндерін талқылау;
- тіркеушілер кеңсесі тарапынан берілетін, тіркеу өтініштерін толтыру;
- таңдалған пәннен бас тарту тәртібімен танысу;
- пәндерге тіркеуге келісім беруді растау.

1 курс студенттерін таңдау пәндеріне тіркеу процедурасы студенттерге кредиттік технологияның принциптерін, кадрларды дайындау жүйесін түсіндіруден, университетпен танысудан және пәндерге жазылудан тұрады. Пәндерге тіркеуге берілетін рұқсат алдыңғы семестрдегі міндетті пәндерді оқып бітірген студенттерге беріледі. Соңғы курстардың студенттеріне пәндерге тіркелуге, тек қана алдыңғы семестрлердегі пәндерді нәтижелі түрде өтіп, тиісті кредиттерді жинаған және университет тарапынан белгіленген өту деңгейінің балы (GPA) барларына рұқсат беріледі.

Өзінің білім алу траекториясын жоспарлау барысында студенттер басқа академиялық топтар мен ағындардағы, мамандықтардағы студенттермен бірге қосымша 1-2 пәндерді немесе басқа оқу орнындағы 1-2 пәндерді ақылы түрде оқуға деген өтініштерін бере алады. Бұл ретте студенттер «Болашақ» университеті ректорының атына өтініш жазып, оған басқа оқу орнының «Болашақ» университетінің студентін пәндерге қосымша жазуға келісінмін берген анықтамасын қоса тігеді. Анықтамаға таңдалған оқу орнының ректоры тарапынан қол қойылып мөр басылады. Курс аяқталғаннан кейін студент өз институтына оқыған оқу орнының мөрі басылған, сабақтың бағасы мен кредиттер саны көрсетілген емтихан кестесін өткізеді.

ГЛОССАРИЙ

Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі ұғымдарына:

академиялық күнтізбе (Academic Calendar)– оқу жылындағы оқу барысын бақылау апталығы, сынақ емтихан, іс-тәжірибе және демалыс күндері көрсетілген жалпы жоспары.

академиялық кезеңі (Term) – жоғары оқу орнымен белгіленген теориялық оқу периоды, семестр – 15 апта.

студенттің академиялық рейтингі (Ratibg) – межелі бақылау негізінде анықталған оқу пәндері бойынша материалды игеру қорытындысы - (бақылау аптасы I,II, қорытынды).

академиялық дәреже (Degree) – қорытынды мемлекеттік аттестация негізінде белгілі жоғары мамандалған оқу бағдарламасын орындаған жағдайда берілетін атақ.

академиялық анықтама (Transcript) – оқу мерзімінде өтілген пән мен бағасы көрсетілген, бекітілген үлгідегі студентке берілетін құжат.

ассистент, доцент, профессор (Aassist Professor Associate, Professor) – жоғары оқу орындарында сабақ беруші мамандардың аталуы.

бакалавр, магистр, доктор (Bachallor, Master, Doctor) - белгілі бекітілген мамандандырылған бағдарламаны орындаған жағдайда, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламасын орындаған жағдайда берілетін атақтар.

оқу пәніне жазылу (Enrollment) – таңдалған пәнді оқып игеруге белгіленген тәртіп бойынша жазылу.

білім алушының қортынды мемлекеттік аттестациясы (Qualitication Examiniation) - мемлекеттік білім беру стандарты және мемлекеттік, жалпы білім беру стандарты негізінде білімді анықтау процессі (диплом).

қортынды бақылау (Final Examination) – студенттің білім деңгейін өтілген сабақтар бойынша анықтау-қорытынды бақылау түрінде өтеді. Білім алушының оқу жетістіктерін тексеру емтихандары жазба, ауызша, тест түрінде өтуі мүмкін.

кредиттік оқыту жүйесі – жекелендіру, оқыту процесі тәртібінің шеңберінде білім беру таректориясын таңдау және кредит алудың негізінде, өздігінен көлемін алу және білімдерді творчествалық меңгеру деңгейін жоғарылататын оқыту жүйесі.

компонент - таңдау бойынша (Electves) - элективті курс студент таңдаған оқу курсы, кез келген академиялық кезеңде өтуге болады.

Студенттің білім деңгейін бақылау: Оқу бағдарламасында қарастырылған студенттің біліміне қойылатын бал (баға), практикалық, лекциялық, лабораториялық сабақтарда межелі қорытынды бақылау.

офис регистратор (Office of-Registrar)– білім алушының меңгерген білімі мен оқу процессін ұйымдастыратын қызметкер.

жалпы білім беретін пәндер (General Education Requirement) (Ger)) – гуманитарлық және жаратылыстану пәндері.

міндетті компонент (Core Subjects) – студенттер тарапынан міндетті түрде оқытылатын пәндер.

күндізгі оқу түрі (Full Time Education) - оқу жоспарында қарастырылған сабақтарға оқу кестесі бойынша, білім алушының қатынасуы тиісті болған оқу формасы.

пререквизит, постреквизит – (Prerequisite, Postrequisite) берілген пәнді оқуға дейін және кейін соған сәйкес міндетті түрде меңгерілетін пәндер.

студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ), өз бетінше орындайтын тапсырмалары: СӨЖ, бақылау жұмысы, реферат, конспект жазу және есептер шығару арқылы бақыланады (белгіленген мөлшердегі балмен есептеледі).

оқытушымен өтетін студенттің өзіндік жұмысы (Office Hours) – сабақ кестесі бойынша өтетін, СӨЖ қабылдауға және өтілген теориялық материалды жетілдіруге берілген сабақ.

тьютор (Tutor) – кредиттік оқыту жүйесінде оқытатын-оқытушы.

Оқу жоспары – оқылатын пәндер мен оның көлемі оқу ретін көрсететін құжат.

білім алушының жетістігі - әр-бір білім алушының білім деңгейін, біліктілігін, оқу материалын игеру қабілетін көрсету.

Силлабус (Syllabus) - пәндер бағдарламасы, оқудағы курс жазбасы, курстың қысқаша мазмұны әрбір сабақтың тақырыптары мен ұзақтығы СӨЖ тапсырмалары консультация уақыты оқытушы талаптары баға қоюдағы критериялар, емтихандар мен аралық тест кестесі, әдебиеттер тізімі.

Орта өлшеулі баға, (Grade Point Average) – таңдап алған бағдарлама бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейі (пәндер бойынша кредиттердің қорытынды баға баллдары сандық баламасына көбейтіндер қосындысын оқудың ағымдық мерзіміндегі кредиттердің жиынтық санына қатынасы).

Office Hours – оқытушының офисте немесе кафедрада болатын және студенттерге кеңес беру үшін бөлінген уақыты.

Эдвайзер (Advisor) – студенттерге білім алу тракториясын таңдауға көмек беретін оқытушы.

Академиялық қарыз болу – білімді бақылау түрлерінің біреуі бойынша аттестациядан қалып қойған, пәнді тапсырмауы.

Академиялық мобильдік – бірдей бағдарлама мен қамтамасыз етілген басқа жоғарғы оқу орнына ауысу мүмкіндігі.

Мемлекеттік аккредитация – куәлікпен бекітілген жоғары орнының мәртебесін мемлекеттің тануы, мемлекеттік үлгідегі дипломды беру құқығы

Аттестация (студентті) - жоғары оқу орнында қабылданған шкала бойынша оның білімін бағалау. Шкала екі балдық болуы мүмкін.

Профессор – жоғары аттестациялық комиссия беретін ғылыми атақ, нақты жоғары оқу орнының профессор лауазымымен шатастырмау керек. Бұл ғылыми атақ ереже бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар тұлғаларға беріледі.

Доцент – жоғарғы аттестациялық комиссияның шешімімен берілетін ғылыми атақ. Бұл ғылыми атақ ереже бойынша, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар тұлғаларға беріледі.

Кафедра – жоғары оқу орнының негізгі құрылымдық бірлігі, анықталған бағыттар бойынша оқу, ғылыми-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру.

Мамандар даярлайтын кафедра – жоғары оқу орындағы нақты мамандықтар бойынша бітірушілерге жауапты кафедра. Оқу барысында туындаған негізгі сұрақтар осы мамандар даярлайтын кафедраның меңгерушілерімен шешіледі.

Кенес беру (Консультация)– аудиториядан тыс жұмыстар түрі, бұл жерде студент оқытушыға тыңғылықты сұрақтарды қоюға мүмкіндігі болады.

Куратор – жоғары оқу орнының қызметкері, оған студенттерді тәрбиелеу міндеттелген.

Лаборатория – оқытушының басқаруымен лабораториялық жұмыстарды жүргізу үшін арнайы құралдармен жабдықталған аудитория.

Лекция – тақырып бойынша оқу материалдарының мазмұнымен таныстыру (теориялық оқыту формасы).

Дайындық бағыты – кәсіптік білім беру бағдарламасы. Дайындық бағыты бойынша оқу бакалавр дәрежесін берумен аяқталады.

Өндірістік тәжірибе - кәсіптік білім беру бағдарламасында көрсетілген студенттің аудиториядан тыс жұмыс түрі. Тәжірибе жұмыстың міндетті түрі болып табылады.

Практикалық сабақтар – аудиториялық оқу жұмысының түрі, бұл жерде бағдарламада көрсетілген пән бойынша білімі мен тәжірибесін игеру, практикалық сабақ кезінде ағымдағы бақылау білімін жүргізу мүмкіндігі бар.

Ректор – жоғары оқу орны (ғылыми) кеңесінің шешімін орындайтын жоғары оқу орнының басшысы, студенттердің барлық ауыстырулары қабылданады ректордың бұйрығымен орындалады.

Проректор – қызметтің нақты бағыттары бойынша ректордың орынбасары, жоғары оқу орындарының көпшілігінде бұл оқу жұмысы бойынша проректор, ғылыми жұмыс бойынша проректор, әкімшілік-шаруашылық жұмыс бойынша проректоры, сонымен бірге жоғары оқу орнының жарлығында көрсетілген басқа да түрлері бойынша жұмыстар тағайындалады.

Директор – институт басқарушысы, оның қызметіне оқуға қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру, студенттің академиялық демалысына және т.б. байланысты барлық мәселелерді шешу міндеттері жатады.

Директор орынбасары – директордың орынбасарлары оқу процесін қамтамасыз етуге байланысты қызметтің әр түрі бойынша тағайындалады.

ҮЛГІ ЖАЛҒАСЫ

Құрастырған авторлар ұжымы: «Информатика, ақпараттық жүйелер және дизайн» кафедрасы

Элективті пәндердің каталогы таңдау компоненттерінің құрамына енген пәндердің тізімі болып табылады және ол студенттердің оқу траекториясын икемді және жан-жақты анықтауға қажетті жағдайлар жасау үшін қажет. Элективті пәндердің каталогы барлық мамандықтар үшін жасалған және олардың барлық мамандану салаларын қамтиды. Элективті пәндер каталогында мамандықтар пәндері бағдарламасының қысқаша мазмұны баяндалған.

Пікір білдіруші: М.Жомартқызы – «Кәсіпкерлік білім беру» факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты

«Болашақ» университеті Ғылыми Кеңесі тарапынан баспадан шығаруға ұсынылған (№ __, _____ жыл)

© «Болашақ» университеті, 2017

ҮЛГІ ЖАЛҒАСЫ

«Келісілді»
«Өрлеу БАҰО» Қызылорда облысы бойынша
педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институтының директоры
Б.Т.Елеусінов
«_____» _____ 2017 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Жұмыс оқу жоспарлары және оқу
бағдарламалары комитетінің төрайымы
М.Жомартқызы
«_____» _____ 2017 ж.

«Информатика, ақпараттық жүйелер және дизайн» кафедрасы
5B070300- «Ақпараттық жүйелер» мамандығы
Академиялық дәрежесі: «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры

№	Пән циклы	Пән		Семестр	Пәннің пререквизиті	Пәннің сипаттамасы: 1.Мақсаты 2.Қысқаша мазмұны 3.Құзіреттілігі	Пәннің постреквизиті	Кредит саны	ECTS бойынша
		код	аталуы						
1	ЖББП	ETD 1101	Экология және тұрақты даму	1	Тіршіліктану	1.Мақсаты. «Экология және тұрақты даму» ғылымының қалыптасуы, даму кезеңдері, организм және орта, экологиялық факторлар, биологиялық ырғақтар, геоэкология туралы мәселелерді қамтиды. Сол сияқты түр, популяция, популяциялар құрылымы, олардың табиғаттағы саны мен ауытқуы, тұрақтылығы, биоценоздар мен экожүйелер, олардың құрылымы, биоценоздағы организмдердің қарым-қатынастары және т.б. экологиялық мәселелер жан-жақты қарастырылады. 2.Қысқаша мазмұны. Түр, популяция, популяциялар құрылымы, олардың табиғаттағы саны мен ауытқуы, тұрақтылығы, биоценоздар мен экожүйелер, олардың құрылымы, биоценоздағы организмдердің қарым-қатынастары және т.б. экологиялық мәселелер жан-жақты қарастырылады. 3.Құзіреттілігі. Студенттерге экология және тұрақты даму таныстыра отырып, игерген білімі негізінде ертедегі және қазіргі таңдағы күрделі де, қарама-қайшылыққа толы геоэкология туралы мәселелерді қамтиды.	Өсімдіктану	2	3